

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА
THEORETICAL LINGUISTICS**

FTAMP 16.41.25

doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-5-12

З.М. Базарбаева^{1*}, Н. Оспанғазиева¹

¹Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: zeynepmb@mail.ru

**ТҮРКІ (ҚЫПШАҚ) ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚЫСАҢ ДАУЫСТЫЛАРЫНЫҢ
ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ**

Аннотация. Салыстырмалы-тарихи әдістің негізінде туыстас түркі тілдерінің жақындық дәрежесі мен ортақ белгілері айқындалады. Қыпшақ тобына жататын қазақ және туыстас түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық құрылымдары диахрондық аспектіде зерттеледі. Қыпшақ тобына кіретін қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт, ноғай, қарашай-балқар тілдерінің материалдары негізінде түркі тілдерінің әмбебап фонологиялық құбылыстары сингармонизм заңы мен агглютинативті құрылымына негізделген.

Зерттеудің мақсаты – салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазақ және туыстас (қыпшақ) түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық құрылымдарында жалпы және айрықша ерекшеліктерді анықтау. Туыстас түркі тілдерінің вокализм жүйесі бір-бірімен салыстыра отырып, олардың ұқсастығы мен ерекшеліктері анықталынады және соның нәтижесінде фонетикалық жүйелердің тарихи даму кезеңдері белгіленіп, фонемалардың пайда болу және қалыптасу жолдары сипатталады. Қыпшақ тобына кіретін дауысты (у, і, ұ, ү) қысаң дыбыстарының салыстыру нәтижесінде туысқан тілдердің фонологиялық жүйелеріндегі жалпы және айрықша белгілер айқындалады. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің теориялық және практикалық мәні зор. Қазіргі түркі тілдерінің үлкен тармағын құрайтын қыпшақ тобының тілдерін және ежелгі түркі дәуірінің жазба ескерткіштерінің тілдерін диахрондық фонология тұрғысынан қарастырғанда, тіл білімінің басқа салаларындағы жалпы заңдылықтарды зерттеуде кең перспективалар ашылады.

Тірек сөздер: вокализм, қысаң дауыстылар, диахрондық фонология, қыпшақ тобы, айырым белгілер.

З.М. Базарбаева^{1*}, Н. Оспанғазиева¹

¹Институт языкознания имени Ахмета Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: zeynepmb@mail.ru

**ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ УЗКИХ ГЛАСНЫХ В ТЮРКСКИХ
(КЫПЧАКСКИХ) ЯЗЫКАХ**

Аннотация. На основе сравнительно-исторического метода определяется степень близости и общие черты родственных тюркских языков. Фонетико-фонологические структуры казахского и родственных тюркских языков, относящихся к кыпчакской группе, изучаются в диахроническом аспекте. На материале казахского, каракалпакского, татарского, башкирского, ногайского, карачаево-балкарского языков кыпчакской группы описываются универсальные фонологические явления узких гласных фонем, основанные на законах сингармонизма и агглютинативном строе тюркских языков.

Целью исследования является выявление общих и отличительных особенностей фонетико-фонологических структур казахского и родственных (кыпчакских) тюркских языков посредством сравнительно-исторических методов. При сопоставлении системы вокализма родственных тюркских языков определяются их сходства и различия, устанавливаются этапы исторического развития фонетических систем, описываются пути возникновения и формирования фонем. В результате сравнения вокализма узких (у, і, ұ, ү) гласных тюркских языков кыпчакской группы определяются общие и отличительные черты в фонологических системах родственных языков. Результаты, полученные в ходе исследования, имеют большое теоретическое и практическое значение. Изучение языков кыпчакской группы, составляющих большую ветвь современных тюркских языков и языков письменных памятников древнетюркской эпохи с точки зрения диахронической фонологии, открывает большие перспективы в исследовании общих закономерностей в других областях языкознания.

Ключевые слова: вокализм, узкие гласные, диахроническая фонология, кыпчакская группа, дифференциальные признаки.

Z.M. Bazarbayeva^{1*}, N. Ospangaziyeva¹¹Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: zeynepmb@mail.ru

HISTORICAL FOUNDATIONS OF NARROW VOWELS IN THE TURKIC (KIPCHAK) LANGUAGES

Annotation. On the basis of comparative historical methods, the degree of proximity and common features of related Turkic languages are determined. The phonetic and phonological structures of the Kazakh and related Turkic languages belonging to the Kipchak group are studied in a diachronic aspect. The universal phonological phenomena of narrow vowel phonemes based on the laws of synharmonism and the agglutinative structure of the Turkic languages are described on the material of the Kazakh, Karakalpak, Tatar, Bashkir, Nogai, Karachay-Balkar languages of the Kipchak group.

The aim of the study is to identify common and distinctive features of the phonetic and phonological structures of the Kazakh and related (Kipchak) Turkic languages through comparative historical methods. The system of vocalism of related Turkic languages is compared with each other, their similarities and differences are revealed, and as a result, the stages of the historical development of phonetic systems are established, the ways of the emergence and formation of phonemes are described. As a result of comparing the vocalism of the narrow (y, i, u, ü) vowels of the Turkic languages of the Kipchak group, common and distinctive features in the phonological systems of related languages are determined. The results obtained in the course of the study are of great theoretical and practical importance. The study of the languages of the Kipchak group, which make up a large branch of modern Turkic languages and languages of written monuments of the ancient Turkic era from the point of view of diachronic phonology, opens up great prospects in the study of general patterns in other areas of linguistics.

Keywords: vocalism, narrow vowels, diachronic phonology, Kipchak group, differential signs.

Кіріспе

Қазіргі таңда Еуразия мекендеуші түркі халықтардың тарихын, рухани және материалдық мәдениетін, әдебиетін, тілін, ділін жан-жақты, тереңдетіп зерттеуі айырықша жанданып отырғаны байқалады. Тәуелсіздікке қол жеткен қазақ халқы ұлттық мәдениет құндылықтарын жаңғыртып, ұлттық тілінің тарихын, қайнар-көздерін іздестіруде. Өлемдегі жаһандану процесіне сәйкес түркі елдері де өздерінің ұлттық тарихын елегінен өткізіп, олардың бірігу үрдісі де күшейе түседі. Түркі халықтарды тұрмыс салты мен әдет-ғұрыптар, салт-сана ортақтығы, мәдени, ділдік ұқсастықтар да біріктіріп отырғаны күмән тудырмайды. Халықаралық мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастар әлемдік қоғамдастықтың гүлденуіне әкелетіні сөзсіз. Сондай-ақ түркі әлемінің жалпы адамзат әлемінен ерекшеліктері, ұлттық құндылықтар өзгешеліктердің табиғаты, әлемдік өркениетіне қосқан үлесі ғылыми шешімдерін күтеді.

Ұлттың тілін, тарихын, мәдениетін, рухани қазынасын, дүниетанымын тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарыстырылған жағдайда ғана түркі әлемін шынайы танып білуге жол ашылады, сонымен қатар ұлттық тілінің қазіргі өркениетіміздің, ұлтымыздың қалыптасуына ұйытқы болғандығы белгілі. Ұлттық тіл жалпы халықтың өмір тіршілігінің жемісінің көрінісі болғандықтан, оның даму, қалыптасу кезеңдерін анықтау, өзгеру механизмдерін білу тілдің қазіргі күйін айқындай түсуге жол ашады.

Тілдің дыбыс жүйесінің функционалды жағын зерттейтін лингвистиканың негізгі саласы – фонологияның жалпы тілтанымының қалыптасуына зор үлес қосқаны белгілі. Фонологияның жалпы заңдылықтары, құбылыстары мен ұғымдары тіл білімінің аясын кеңейтіп, тереңдетіп дамытты. Тіл білімінде өзінің даму барысында түрлі өзгерістерге түсіп, жаңарып немесе қайта қалыптасып жататын дыбыстардың табиғатының даму жолдарын анықтайтын салыстырмалы фонологияның маңызы зор. Оның ішінде дыбыстар жүйесіндегі дауысты, дауыссыздарды синхрондық және диахрондық аспектіде қарастырудың мәні ерекше. Туыстас түркі тілдерінің вокализм мен консонантизм жүйелерінің даму тарихы мен кезеңдерін салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы сипаттау қазақ тіл білімінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Зерттеуде түркі тілдеріндегі қыпшақ тобына жататын қысаң дауыстылардың тарихи негіздері анықталады. Сондай-ақ қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт, қарашай-балқар тілдерінің қысаң дауыстылары салыстырмалы түрде қарастырылады. Түркі тілдеріндегі қысаң дауысты дыбыстардың орны ерекше. Француз түркітанушысы Л.Базеннің пікірінше, көне түркі тілдерінің вокализмі екі ғана <a> мен <y> дауысты фонемадан тұрады. Дивергенция құбылысының

нәтижесінде олардың аллофондары пайда болды. Қысаң <у> инвариант фонемасының аллофондары <i>, <u>, <ü> деген дербес фонемаларға айналды. Фонеманы сипаттауда ашық-қысаң айырым белгісі ең ежелгі және тұрақты екені көрінеді. Үндестік заңына бағынатын фонеманың жуан-жіңішке, езулік-еріндік айырым белгілерінің фонологиялық мазмұны көрінбейді, сөздердің мағынасы тек ашық-қысаң айырым белгісі арқылы ажыратылады: *qas* – *qys*, *bol* – *bul*, *kün* – *kön*, *däm* – *dem* тағы осындай. Сондықтан ең ежелгі ашық-қысаң айырым белгісі бөлініп шығып, фонемалардың оппозиция құруына себеп болған деген гипотеза жасауға болады. Кейін консонантизмнің дамуына байланысты жуан-жіңішке, езулік-еріндік айырым белгілері қалыптасқаны көрінеді.

Материал және әдістер

Ұсынылып отырған мақалада түркі тілдерінің салыстырмалы-типологиялық фонологиясы қарастырылып, алғаш рет синхронды және диахронды ғылыми әдістер қолданылады. Түркі тілдерінің фонологиялық концепциясы бүгінгі күнге дейін өз ғылыми шешімін тапқан жоқ. Бұл күрделі проблеманы шешу үшін түркі тілдерінің вокализм мен консонантизм жүйесін дәстүрлі фонологиялық (функционалды) фонетика тұрғысынан қарастыру қажет. Түркі тілдерінің даму кезеңдері анықталып, әр кезеңге тоқталып, әсіресе бізге қатысты тілдердің қыпшақ тобы қарастырылады. Барлық тілге тән жалпы фонологияның әмбебап құбылыстары, фонологизация, аллофондардың дербес фонемаларға айналуы, дивергенция-конвергенция үдерістері, түркі тілдерінде көрінетін үндестік заңы мен тілдің жалғамалы қасиеті қыпшақ (қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт, ноғай, қарашай-балқар) тобына кіретін тілдердің материалы бойынша сипатталады. Түркі тілдеріндегі фонологиялық жүйелердің дамуы мен қалыптасуының себептері, сондай-ақ фонемалардың интеграция мен дифференциация процестері, диахрондық фонология тұрғысынан анықталады. Тілдегі өзгерістер фонологиялық жүйелердің бір-біріне байланысты элементтерінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Салыстырмалы тарихи және типологиялық әдістердің негізінде туыстас түркі тілдерінің жақындық дәрежесі мен айырмашылығы, ортақ белгілері мен айырым белгілері анықталады. Сондай-ақ қазіргі түркі тілдерінің белгілі фонетика-фонологиялық құрылымдарына сүйене отырып, ретроспекция арқылы жазба ескерткіш тілі қарастырылады. Түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық заңдылықтарын анықтау үшін олардың синхрондық кесігі (синхронный срез) қарастырылады және оның жазба тарихи материалдары қолданылады.

Әдебиетке шолу

Түркі тілдерінің салыстырмалы фонологиясының синхрондық аспектісі аз болса да қарастырылып, оның кейбір мәселелеріне жекелеген ғылыми мақалалар, сондай-ақ қазақ тілінің тарихи грамматикасы бойынша жазылған зерттеу монографияларының құрамында жекелеген тараушалар арналған. Қазақ тілінің фонологиясын басқа түркі тілдерімен салыстырмалы түрде, диахрондық аспектіде қарастыратын жұмыстар жоқтың қасы.

Салыстырмалы түркология саласында түркі тілдерінің фонологиялық жүйесін салыстыру үшін қазақ тілінің сегментті фонологиясы талданатын ғылыми еңбектердің шағын тараулары да кездеседі. Осы сияқты еңбектер, сонымен бірге белгілі түркітанушы лингвисттердің іргелі зерттеулері мен зерттеу әдіснамасы жұмыстың бастамына алынады. Соңғы кезде түркі тілдерінің салыстырмалы фонологиясын жеке нысанға алып жазылған ғылыми мақалалар жарық көргенімен, әлі шешілмеген проблемалар жеткілікті және бұл арнайы жүйелі түрде зерттеуді қажет етеді.

Салыстырмалы фонология мәселелері еуропа және орыс тілдерінде жүйелі түрде қолға алынған және бұл бағытта ірі монографиялар мен мақалалар жарық көрген. Мысалы, Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков (1970); Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков (1988); Bazin L. Ya-t-il en turc des alternances vocaliques // UAIB, 1961. – XXXIII, 1-2. Қазақ тіл білімінде түркі фонетиканың кейбір мәселелері М.Томановтың (1981), Ж.Аралбаевтың (1988), Ғ.Мұсабаевтың (1988), Б.Сағындықұлының (2009), А.Құрышжановтың (2011), М.Оразовтың (2004), М.Сабырдың (2004), М.Ескееваның (2007), З.Базарбаеваның (2012) еңбектерінде талданған. Біздің зерттеуімізде түркі тілдерінің вокализм жүйесі алғаш рет фонология деңгейінде қарастырылады, сондай-ақ түркі тілдердің

салыстырмалы фонологиясы диахрондық аспектіде зерттеліп, оның түркі тілдеріндегі қыпшақ тобына тән ортақ заңдылықтары мен құбылыстары қарастырылады.

Нәтижелер және талқылау

Бізді қызықтыратын мәселе – қыпшақ тілдеріндегі қысаң дауыстылардың редукция процесі қай жерде, қай тілдерден, қалай басталып, қай тілдерге жайылатынын білу. Бұл, әрине, уақытпен де, кеңістікпен де байланысты болады. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, бұл құбылыс бұлғар-чуваш тілдерінде көбірек көрініс табады. Хронологияға байланысты, қысаң дауыстылардың редукциясы ежелгі бұлғар тілінің уақытында басталып, оған дәлел ежелгі бұлғар сөзі *sabir* кейін ортағасырлық *suvar* деген сөзге ауысқан. Әуелден белгілі болғандай – бірінші буындағы ашық дауыстының қысаңдануы ($a > u$) және мына қысаң дауыстының (u) редукциялануынан кейін ғана болды: ($u > \ddot{u}$) – олардың босаған орнын басты: (*sabir – suvar*) (СИГТЯ, 2002: 255).

Еділдің жағасына бұлғар-суарлар тайпалары келген уақытта бұлғар тілінің қысаң дауыстылары редукциядан өткен болатын және оның орнына ашық дауыстылардың қысаңдануы да орын алған. Түркітанушылардың пікірлеріне сүйенсек, бұл жерде көрініс табатын нәрсе – ол ескі бұлғар тілінен венгр тіліне алынған барлық түркі тілдерінің бірінші буынында болатын *a*-ның орнына қысаң дауысты *u*-дың келуі барлық түркі тілдерінде *tana* (бұзау) > ескі бұлғар тілінде *tyraw* → венгр тілінде *tino*. Барлық түркі тілдеріндегі *talgy* (езгіш) > ескі бұлғар тілінде *tylyw* → венгр тілінде *tilo*. Түркі тілдеріндегі *jaz* (жаз) > ескі бұлғар тілінде *jyr* → венгр тілінде *ir*. Сонымен, ескі бұлғар тіліндегі қысаң дауысты дыбыстың редукциясы аяқталып, ашық дауыстылардың қысаңдау процесі басталды (СИГТЯ, 2002: 255).

Бұл қысаң дауыстылардың редукциясы деген процесс қыпшақ тілдерінде XIII ғасырдың екінші жартысына дейін болмаған. Бірақ XIII ғасырдың аяғынан бастап XIV ғасыр бойынша Еділ жағасындағы Бұлғарияға Алтын Ордадан тараған қыпшақ тілді халықтар көптен келіп жайлаған, жергілікті бұлғарлармен араласып ассимиляцияға түседі. Ол көп жылдарға созылды. Бұл жағдайдан хабар беретін осы жерде көмілген қыпшақ тілді алтынордалықтардың молалары. Қойған тастарда олар туралы мәліметтер (эпитафиялар) араб графикасымен бұлғар тілінде жазылған. Ол тұста алтынордалық қыпшақ тілінің, бұлғар тілінің мол әсерінде болғаны сөзсіз. Алтынордалық қыпшақтар Еділдің орталық жағасында орналасып, XV ғасырдың басында сонда мықты Қазан хандығын орнатады. Бұл уақытта қазантатар тілі жергілікті бұлғар субстраттарынан да басқа мишарлардың тіліне әсер ете бастаған. Субстрат – тілдердің тоғысу процесінде пайда болатын құбылыс. Дәлірек айтқанда, жеңген тіл жеңілген тілден кейбір лингвистикалық бірліктерді, жеке дыбыстарды қабылдайды.

Тілдердің қарым-қатынасы, бір-біріне өзара әсері және олардың тоғысуының табиғаты әртүрлі болуы мүмкін. Ұзақ уақыт өмір сүрудің нәтижесінде типологиялық жағынан бірсыпыра ортақ белгілерге ие болады. Зерттеушілердің пікірінше, башқұрт тілінің дауыстыларының жүйесі татар тілінің дауыстылар жүйесінің қатты әсерінде түзілді. Қазақ тілінің дауыстылар жүйесінде қыпшақ тілінің стандарттық ұқсастығы басым. Бұл тілдік материалдардан айқын көрінеді.

У (ы) дауыстысы. Қарама-қарсы қойылатын созылықы-қысқа деген айырым белгілер қыпшақ ататілі бөлініп шыққанша жойылған болу керек. Сонымен қыпшақ ататілінде жалғыз дауысты дыбыс *u* реконструкцияға түсіп отырған. Ол реконструкцияға түсіп отыратындар қыпшақ тілдерінің бұлғар, ноғай топ бөлігінің қысаң, езулік дауысты *u* қысқа *ÿ*-ға айналады. Түркі тілдерімен бірге біраз қыпшақ тілдерінде де *u* дауыстысы *i*-ға айналған (СИГТЯ, 2002: 230].

1-кесте – *У* фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

| Қазақ тілінде | Ноғай тілінде | Қарақалпақ тілінде | Татар тілінде | Башқұрт тілінде | К-балк. тілінде | Жазба ескерткіште |
|-----------------|---------------|--------------------|---------------|-----------------|-----------------|-------------------|
| iz / iz | yz | iz | iz | iz | yz | iz |
| žylan / жылан | jylan | žylan | jylan | jylan | žylan | jylan |
| tyrnaq / тырнақ | tyrnaq | tyrnaq | tyrnaq | tyrnaq | tyrnaq | tyrnaq |
| qzyyl / қызыл | qzyyl | qzyyl | qzyyl | qdyyl | qzyl | qzyl |

Түркітанушылардың айтуынша, дауыстылардың жуан-жіңішке болып жұптасып келуі көне

қыпшақ тілдерінде де болған. Қазақ тілі сөздеріндегі *y – i* қысандарының жуан-жіңішке болып жіктелуін орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығын зерттеген М.Сабыр байқаған (Сабыр, 2004: 25). Қазіргі қазақ тілінде де жазба ескерткіш тілдерінде де сөздің барлық шенінде бұл дауыстылар қолданыла береді деп мысалдар келтіреді: *buš-piš, jyguz-jis* т.б. Қазіргі түркі тілдеріндегі дыбыстардың жуан-жіңішке болып бөлінуі сөздердің дербес мағынаға ие болуын көрсетеді (*tys-tis*).

У дауыстысы көбінесе тұрақтылық танытады, мұндай жағдайда оны ататілден келе жатқан тұрақты дыбыс деуге болады. Түркітанушылардың пікірі бойынша, көбінесе қыпшақ тілдерінің бұлғар, ноғай топ бөліктеріне жататын татар, башқұрт, қазақ, қарақалпақ тілдерінде *у* редукцияға ұшырап, бірнеше рет өзгеріске түседі. Бұл өзгерісті екінші немесе қайталама редукциялар деуге болады.

Ж.Аралбаевтың айтуынша, қазақ тілінде *у* дауыстысы қосымшада *i* фонемасымен комбинаторлы түрде алмасады және сонор дыбыстардың алдында және сөздің екпінсіз позициясында түрлі редукция басқышына енеді: *q[y]zyl, q[y]cyr, q[y]ryq, p[y]šaq*. Кейде қысандар фонетикалық нөлге айналуынан фонематикалық күшін жоғалтады: *oryn – орны, erin – ерні, muryn – мұрны* (Аралбаев, 1988: 40).

Қортындылап айтқанда, *у* дауыстысы басқа дауысты-дауыссыздарға жанасып палатализациялануға да, реконструкциялануға да түсіп, алға қарай жылжып өзіне кейбір дауысты да, дауыссыз да дыбыстарды қосып түрленіп тұрады. Дауысты дыбыстардың ішінде *у* дауыстысы *а* дауыстысымен қатар ең ежелгі қысаң тіларты дыбысы.

Бұл дыбыстың аллофондары түркі тілдерінің фонетикалық жүйесінің қалыптасуына әсер еткен. *У* фонемасының *а* фонемасы сияқты ежелгі ататілден келе жатқанын мына қыпшақ тілдерінде сақталған *тујуу* (мұрт) деген сөз дәлелдейді. Бұл сөз құман, татар, қарашай-балкар т.б. тілдерінде сақталыпты. Қазақ тіліндегі *тујуу* деген сөз *Мујугунап күлді* деген сөйлемде сақталып, қазіргі қазақ тілінде, *ол мұртынан күлді, онша ашық күлмеді* дегенді білдіреді. Сонда бұл сөз ежелгі қазақ тілінде болып, кейін ұмытылып, мұрт деген сөзге ауысқан. Бұл процесс қазақ тілінің ертеден келе жатқанын көрсетеді.

I дауыстысы. Қыпшақ ататілінде *i* дауыстысының созылыңқы-қысқа деген қарама-қарсы оппозициясы болмағаны белгілі. Батыс-қыпшақ топ бөлігінде олар әр уақытта өзгермей, тұрақты болған. Ал қыпшақ-бұлғар топшасында татар, башқұрт кейде қыпшақ-ноғай топ бөлігіне жататын сөздерде дауысты *i* редукцияға түсіп, қысанданып *ĩ*-ге ауысып отырған (СИГТЯ, 2002: 233).

2-кесте – *I* дауыстысының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

| Қазақ тілінде | Ноғай тілінде | Қарақалпақ тілінде | Татар тілінде | Башқұрт тілінде | К-балк. тілінде | Жазба ескерткіште |
|---------------|---------------|--------------------|---------------|-----------------|-----------------|-------------------|
| ĩni / ini | ini | ini | ĩni | ĩni | ini | ini |
| ĩšek / išek | išek | išek | ĩčäk | ĩčäk | iček | iček |
| žigīt / žigim | jigit | žigīt | jigīt | jigīt | žigit | jigit |
| kĩši / kici | kisi | kisi | kĩši | kĩši | kiši | kiši |

Ж.Аралбаев *i* дауыстысының редукциялануына көңіл бөледі. Тілаалды қысаң *езу* фонемасы *l, r* сонорлардың алдында және сөздің екпінсіз позициясында редукцияланады: *b[i]lek, t[i]lek, t[i]ri, b[i]lim, k[i]lem*. Сөздің екпінсіз екінші буынында *i* дыбысы фонетикалық нөлге айналады: *erin + I = erni, erik + I = erki, böric + I = börki* (Аралбаев, 1988: 40).

М.Томановтың пікірі бойынша, татар, башқұрт тілдеріндегі *i* қазақ тіліндегі баламасымен салыстырғанда, *e* дыбысына сәл жақындау айтылады. Алайда, аталған тілдер құрамындағы *i* өте қысқа дыбысталады. Бұл дыбыс қолдануы жағынан көне түркі тіліндегі *ĩ* дауысты фонемасына сәйкес. Қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт тілдеріндегі *i* басқа түркі тілдеріндегі *u* дыбысына сәйкес айтылады. Түркі тілдерінің арасындағы *i – u* сәйкестігін көруге болар еді. Түркі тілдерінің көпшілігінде айтылатын *u* дауысты фонемасының өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ, ноғай тілдеріндегі дауысты деп танылатын *u*, анығында келгенде, екі дыбыстың

қосындысы немесе дифтонгоид: *siyrek*, әзірбайжан – *seyrek*, түрікмен, қырғыз – *keyrek* т.б. Бұл келтірілген фактілер қазіргі түркі тілдері арасындағы мынадай дыбыс сәйкестігін көрсетеді: *u – i – ü*. Сонымен қатар, қазіргі түркі тілдері құрамындағы *u, i* дыбыстары шығу, қалыптасу тегі жағынан бірыңғай, сондықтан қолданылуы жағынан да сәйкес. Бұл екі дыбыс арасындағы басты айырмашылық – *u* дыбысы тіл ұшының жоғары қарай көтерілуінен жасалады да, сөз созылықы естіледі, ал *i* дыбысы барынша – қысаң дыбысталады (Томанов, 1981: 49).

Моносиллаб құрамындағы *i* дауыстысының өзгерісі жайында М.Ескеева өз пікірін білдіреді. Ескерткіштер тіліндегі *i* дыбысының дифтонг *ij* (*u*) фонемасына өзгеруі негізінен бұлғар, половец топшасындағы тілдерге тән екенін аңғаруға болады дейді. Сонымен, қыпшақ ататілінен келе жатқан дауысты *i* қазақ тілінде татар, башқұрт тілдерімен қатар редукцияланып қысқарады.

U дауыстысы. Қазіргі қыпшақ тілдерінде де, көне жазуларда да *u* дауыстысының созылықы-қысқа қарама-қарсы оппозициясы байқалмаған. Бұл сақталған қысаң еріндік тіл арты (жуан) дауыстыны реконструкциядан кейінгі қыпшақ тіліндегі орныққан қалпы деп есептеуге болады. Қыпшақ тілдерінің батыс-қыпшақ топ бөлігінде бұл дауыстыда ешбір өзгеріс байқалмайды, ал ноғай топ бөлігіне жататын қазақ тілінде *u* дауыстысы редукцияға ұшырап, татар, башқұрт тілдеріндегі дауыстыға ұқсап, қысқарып *й*-ге айналған (СИГТЯ, 2002: 245).

3-кесте – *U* фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

| Қазақ тілінде | Ноғай тілінде | Қарақалпақ тілінде | Татар тілінде | Башқұрт тілінде | К-балк. тілінде | Жазба ескерткіште |
|---------------|---------------|--------------------|---------------|-----------------|-----------------|-------------------|
| ūjat / ұят | ujat | ujat | ūjat | ūjat | ujat | ujat |
| ūt / ұту | ut | ut | ūt | ūt | ut | ut |
| mūz / мұз | buz | muz | būz | būδ | buz | buz |
| būqa / бұқа | buqa | buqa | būqa | būqa | buqa | buqa |

Қазақ тіліндегі *u* дауысты фонемасы қысқарып (*u > й*) татар, башқұрт тілдеріне жақындаған. Бұл жөнінде М.Томановтың пікірі: Қазақ тіліндегі *u* (*ұ*) дыбысына әзірбайжан, алтай, балқар, гагауз, қарашай, қырғыз, құмық, тува, түрік, түрікмен, хакас, ұйғыр, шор, якут тілдерінде *u* дыбысы сәйкес айтылады. Қазақ тіліндегі *ұ* дыбысына ұқсас, жақын естілетін дыбыс башқұрт, қарақалпақ, ноғай, татар тілдерінде бар. Қазақ тіліндегі *u*-мен *ы*-ның арасында, ал басқа тілдерде, мысалы, ноғай тілінде, *o* мен *u*-дың арасынан жасалатын дыбыс. Қайсысында да *u* дыбысы *ұ*-мен салыстырғанда, монофтонгіден гөрі дифтонгге жақын дыбысталатын фонема. Чуваш тілінде бұл дыбыстың орнына редукцияланатын *a, ы* кейде редукцияланатын *e* дыбыстары сай келеді. Осы ерекшеліктерді ескерсек, түркі тілдері арасындағы *ұ-у-а* (*ы*) дыбыс сәйкестігін көруге болар еді. Мысалы, қазақ – *бұлт*, қарақалпақ – *бұлт*, башқұрт – *болот*, татар – *болыт*, әзірбайжан – *булут*, алтай – *булут*, қырғыз – *булут*, тува – *булут*, түрікмен – *булут*, хакас – *пулут*, чуваш – *пелет* т.б. (Томанов, 1981: 46).

Ü дауыстысы. Түркі тілдерінің тарихындағы дауыстыларының ұзын-қысқалығы ертеде жойылған, олардан ешбір із де қалмаған. Сондықтан қыпшақ ататілінде редукцияға ұшырайтыны жалғыз жіңішке тілалды, еріндік дауысты *ü*. Бұл дауысты *ü* екі түрлі көрініс табады: батыс-қыпшақ топ бөлігіне қарайтын тілдерінде ешбір өзгеріссіз жүреді. Ал бұлғар және ноғай топ бөлігінде қыпшақ ататілінің *ü* дауысты фонемасы редукцияға ұшырап қысқа *й*-ге айналады (СИГТЯ, 2002: 249).

4-кесте – *Ü* фонемасының қыпшақ тілдеріндегі көрінісі

| Қазақ тілінде | Ноғай тілінде | Қарақалпақ тілінде | Татар тілінде | Башқұрт тілінде | К-балк. тілінде | Жазба ескерткіште |
|---------------|---------------|--------------------|---------------|-----------------|-----------------|-------------------|
| ūz / ұзу | üz | üz | ūz | ūδ | üz | üz |
| ūrک / үрқу | ürk | ürk | ūrک | ūrک | ürk | ürk |

4-кестенің жалғасы

| | | | | | | |
|---------------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| jüzik / жүзік | Jüzik | žüzik | jüzik | jüďük | žüzük | jüzük |
| tüjme / түйме | tüjme | tüjme | tüjmä | tüjmä | tüjme | tüwme |

Ж.Аралбаевтың айтуынша, татар және башқұрт тілдерінде дәл *ü* дыбысы кездеспейді, оның орнында *ö* дыбысына таяу дыбыс айтылады: қазақ тілінде *үш*, татар тілінде *өч*, қазақ тілінде *күл*, татар тілінде *көл*. Сөздің бас шенінде *ü*, *ö* дыбысының біреуі келгенде кейде ауызекі тілде сөздің екінші (сирек үшінші) буынында *ü* еріндігінің айтылатыны байқалады: *түлкү* (*түлкі*), *күлкү* (*күлкі*), *өмүр* (*өмір*), *көмүр* (*көмір*). Қазақ тілінде *u* және *ü* дауысты фонемалар көбіне байырғы сөздердің бас буынында қолданылады: *uly*, *usta*, *qural*, *uşqyn*, *kün*, *tün*, *ülken*, *bügin* т.б. (Аралбаев, 1988: 36). М. Томановтың пікірі бойынша, түркі тілдерінің көпшілігінде жіңішке айтылатын *ü* фонемалық қызмет атқарады, дербес фонема болып жұмсалады: қазақ, қырғыз, әзірбайжан тілдерінде – *бүтүн*, алтай, тува тілдерінде – *бүдүн*, хакас тілінде – *пүдүн* т.б. Ал татар, башқұрт тілдеріндегі түбір құрамындағы *ü* дыбысының орнына *ö* айтылады. Сонымен, түркі тілдері арасында *y – ü – ö* дыбыс сәйкестігі шығады, деп тұжырымдайды (Томанов, 1981: 47).

М.Ескеева *ü* дауыстысына байланысты оның *ö* дауыстысымен сәйкестігін айтады: «Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілі мен қазіргі қыпшақ тілдері арасындағы *ü ~ ö* сәйкестігінің *ö* тұлғасы негізінен татар, башқұрт, ішінара ноғай тілдеріне тән. Бұл құбылыс қыпшақ бұлғар топшасындағы тілдердің негізінде жатқан көне бұлғар тілінің белгісі де болуы мүмкін. Қыпшақ-ноғай топшасындағы қазақ, қарақалпақ тілдерінде көне түркілік *ü* тұлғалы сөздер толық сақталған. Моносиллабтар құрамындағы *ü* фонемасының көп өзгерістерге түспеуі, біріншіден, оның біршама тұрақты дыбыстарға жататынын көрсетсе, екіншіден, қыпшақ тілдерінің ноғай-қыпшақ топшасындағы қазақ, қарақалпақ тілдерінің Орхон, Енисей, Талас мұралары тілімен тым жақындығын білдіреді» (Ескеева, 2007: 184).

Қорыта айтқанда, түркі тілдерінің тарихындағы дауыстыларының ұзын-қысқалығы ертеде жойылған, олардан ешбір із қалмаған. Ондай із ортағасырлық жазба ескерткіштерде де, қазіргі қыпшақ тілдерінде де, олардың диалектілерінде де жоқ. Осы тілдерден алып сараптаған, зерттеген көп материалдан көрінетіні, қыпшақ ата тіліндегі вокализм жүйесі қазақ тілінде көп өзгеріске түспегені. Көне қыпшақ тілі жүйесінің батыс-қыпшақ топ бөлігіндегі дауыстылар толығымен ешбір өзгеріссіз қалған, деуге болады, ал қыпшақ-бұлғар топ бөлігі мен одан да аз қыпшақ-ноғай топ бөлігіндегі кейбір дауыстылар шамалы өзгерістерге ұшыраған. Осы екі топқа жататындардан қазіргі тілдердегі қысаң дауыстылар спецификалық редуцияға ұшырады: *u > ў*, *i > ї*, *u > ұ*, *ü > ъ*. Бұл өзгеріс қыпшақ-бұлғар топ бөлігіндегі ашық дауыстыларды қысандатады: *o > u*, *ö > ü*, *e > i*-ге өзгертеді және тіларты, езулік *a*-ны еріндікке айналдырады: *a > a°* (СИГТЯ, 2002: 254).

Қорытынды

Қазақ фонологиясын жүйе ретінде туыстас түркі фонологиясымен сабақтастырыла зерттелуі мақаланың теориялық маңыздылығын белгілейді. Фонемалар морфемалардың, сөздердің, грамматикалық тұлғалардың материалдық негізі болып саналатынын ескеріп, түркі тілдерінің фонетика-фонологиялық процестерін, құбылыстарын сипаттап, тіл білімінің күрделі әлі қарастырылмаған проблемаларымен шұғылдануға болады. Тарихи фонология тарихи грамматика, лексикология, этимология проблемалармен айналысуға жол ашады. Сондай-ақ, түркі тілдерінің салыстырмалы және салғастырмалы тіл білімінің дамуына да тарихи фонологияның зерттелуінің маңызы зор екені дау тудырмайды. Себебі қазақ тілі тарихи фонетикасының дыбыс құбылыстарын анықтау үшін ең алдымен туыстас түркі тілдерінің және қосымша туыстас емес тілдердің материалдарын ұқыптылықпен қарастыру керек. Болашақта бұл зерттеу осы бағытта орындалатын жұмыстарға негіз болып, жаңа еңбектерді тудырып, салыстырмалы-типологиялық тіл білімінің дамуына үлес қосады деп ойлаймыз. Сонымен тарихи фонетика аясындағы алынған ізденістер қазақ тілтанымының біраз шешілмеген, күрделі проблемаларына ықпалын тигізіп, жаңа зерттеулерге жол ашатынына сенеміз. Зерттеуде алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында түркітануға кіріспе, көне түркі тілі, түркі тілінің

салыстырмалы фонологиясы, қазақ тілінің тарихи грамматикасы пәндері бойынша дәріс оқуда пайдалануға болады және салыстырмалы фонологиядан студенттер-магистранттарға, докторанттарға бағдарлама мен силлабус дайындауға болады.

Мақала ЖТН АР14869440 «Диахрондық фонология: түркі тілдерінің вокализм және консонантизм жүйесі» атты гранттық қаржыландыру жобасы (2022-2024) аясында жарияланды.

Әдебиеттер

- Аралбаев Ж. (1988) Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988.
Базарбаева З. (2012) Қазақ фонологиясының негіздері. – Алматы, 2012.
Bazin L. (1961) Ya-t-il en turc des alternances vocaliques // UAIB, 1961. – XXXIII, 1-2.
Баскаков Н.А. (1988) Историко-типологическая фонология тюркских языков. – М., 1988.
Ескеева М. (2007) Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. – Алматы, 2007.
Құрышжанұлы Ә. (2011) Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы, 2011.
Мұсабаев Ғ. (1988) Қазақ тілі тарихынан. – Алматы, 1988.
Оразов М. (2004) Түркі тілдерінің зерттелуіне бастауы туралы // Түркология. – 2004. – №4.
Сабыр М. (2004) Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескеркіштері негізінде): филол. ғылым. докт. ... автореф. – Алматы, 2004.
Сағындықұлы Б. (2009) Фонологические закономерности развития лексики тюркских языков. – Алматы, 2009.
Сравнительно-историческая фонетика тюркских языков. – М., 2002.
Томанов М. (1981) Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Фонетика, морфология. – Алматы, 1981.
Щербак А.М. (1970) Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л., 1970.

References

- Aralbaev Zh. (1988) Qazaq fonetikası boyınsha etyudter [Etudes on Kazakh phonetics]. – Almaty, 1988. (in Kazakh)
Bazarbaeva Z. (2012) Qazaq fonologiyasınıñ negizderi [Fundamentals of Kazakh phonology]. – Almaty, 2012. (in Kazakh)
Bazin L. (1961) Ya-t-il en turc des alternances vocaliques. – UAIB, 1961. XXXIII, 1-2. (in French)
Baskakov N.A. (1988) Istoriko-tipologicheskaja fonologija tyurkskikh yazykov [Historical and typological phonology of the Turkic languages]. – M., 1988. (in Russian)
Eskeeva M. (2007) Kone turki zhane qazirgi qypshaq tilderining monosillabtyq negizi [Monosyllabic basis of the ancient Turkic and modern Kipchak languages]. – Almaty, 2007. (in Kazakh)
Quryshzhanyly A. (2011) Til tarihy turaly zertteuler [Research on the history of language]. – Almaty, 2011. (in Kazakh)
Musabaev G. (1988) Qazaq tili tarihyndan [From the history of the Kazakh language]. – Almaty, 1988. (in Kazakh)
Orazov M. (2004) Turki tilderining zertteluine bastauy turaly [On the beginning of the study of Turkic languages]. – Turkology. – 2004. – No.4. (in Kazakh)
Sabyr M. (2004) Orta turki leksikasy men qazaq tili leksikasynynng sabaqtastygy (XIV gasyr zhazba eskertkishteri negizinde) [Continuity of the vocabulary of the Middle Turkic language and the vocabulary of the Kazakh language (based on written sources of the XIV century): the abstract ... Doctor of Philological Sciences. – Almaty, 2004. (in Kazakh)
Sagyndykuly B. (2009) Fonologicheskie zakonomernosti razvitiya leksiki tyurkskikh yazykov [Phonological rules of the development of the Turkic language vocabulary]. – Almaty, 2009. (in Kazakh)
Sravnitel'no-istoricheskaja fonetika tyurkskikh yazykov [Comparative-historical Phonetics of the Turkic languages]. – M., 2002. (in Russian)
Tomanov M. (1981) Qazaq tilining tarihi grammatikasy. Fonetika, morfologiya [Historical grammar of the Kazakh language. Phonetics, Morphology]. – Almaty, 1981. (in Kazakh)
Shherbak A.M. (1970) Sravnitel'naya fonetika tyurkskikh yazykov [Comparative phonetics of the Turkic languages]. – L., 1970. (in Russian)